

ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ СТУДЕНТТІК ЖАСТАРДЫҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ДАМУЫНЫҢ МӘСЕЛЕСІ

*Тайжанова М.М., Кадочникова В.П., Дюсенбаева Б.А.,
СКГУ им М. Козыбаева, г. Петропавловск*

Тәуелсіз Қазақстан Республикасы әлеуметтік, экономикалық ілгерілеуде мәдени, рухани жаңаруда өзінің жолын таңдады. Біздің мемлекет жай ғана демократиялық қоғам құруға ғана емес, әділетті демократиялық, азаматтық қоғам құруға ұмтылады. Әділетке ұмтылу біздің халықтың менталитетінің ерекшелігінің бірі /1/.

Қазіргі қоғамдағы болып жатқан терең әлеуметтік-экономикалық қайта құрылулар, бізді Қазақстанның, оның жастарының болашағы жайлы ойландырады. Қазіргі уақытта біздің еліміз қарапайым емес тарихи кезеңде өмір сүруде. Және біздің қоғамды күтіп тұрған ең үлкен қауіп – экономиканың құлауы емес, политикалық жүйенің ауысуы емес, тұлғаның бұзылуы. Материалдық құндылықтар рухани құндылықтардан басым болып тұр, сондықтан жақсылық, қайырымдылық, кеңпейілділік, әділеттік, азаматтық және патриотизм жастарда көрінбейді.

Жоғары деңгей қоғамдағы агрессиялықтың және қатыгездіктің жалпы артуымен болып отыр. Кейбір жастар эмоционалы, жігерлі және рухани жетілмегендігімен ерекшеленеді. Студенттік жастардың, қазақстандық менталитетке сай, шынайы рухани, мәдени, ұлттық құндылықтардың пайда болуы есебінен жаппай мәдениеттену атрибуттары кең етек алды.

Сондықтан бүгінгі күнде тұлғаның рухани-адамгершілік дамуының маңызды құрамдас бөлігі білім және тәрбие беретін орта болып табылады. Бұл жерде руханилық – ол адамның психикасындағы оның болмысының бейнесі, оның есінің бейнесі, қоғам мәдениетіне қосылудың жоғары өлшемі. Сезімдердің көтеңкілігі, жанның кеңпейілділігі, ойдың тереңдігі және икемділігі, өзіннің ішкі жан дүниенді және қоршаған ортаны жақсартуға ұмтылу руханилықтың негізгі белгілері.

Жастардың рухани-азаматтық дамуы – бұл тұлғаның маңызды-мәнді саласының кеңейтілуі мен бекітілуі, адам қабілетерін қалыптастыруда өзіне, басқа адамдарға, қоғамға, мемлекетке, әлемге жалпы қабылданған моральдік нормаларға және адамгершілік армандарға, құнды орналастыруларға саналы түрде қарым-қатынас қалыптастырады.

Сонымен қатар рухани-адамгершілік дамудың түсінігінде адамның рухани-адамгершілік қалыптасуында және онда келесілердің қалыптасуына әсер етеді:

- Адамгершілік сезімдер (ар, міндет, сенім, жауапкершілік, азаматтылық, патриотизм);
- Адамгершілік бейне (шыдамдылық, қайырымдылық);
- Көргенді ұстаным (жақсылық пен зұлымдықты ажырату қасиеті, өмірлік сындарды көтеруге дайындық);
- Адамгершілік мінез-құлық (адамдарға және Отанына қызмет етуге дайындық, рухани пайымдаулықтың көріністері, адал ерік) /2/.

Руханилық мәдени деңгейдің ішкі психикалық уәжін арттыратын қасиеттерге ие. Ол руханилықтың шегінің көрсеткіші болумен қатар оның қалыптасуының қозғалысы мен динамикасының көрсеткіші болады. Кейбір жұмыстарда ол адамның қайта құрылуының принципі ретінде қарастырылады.

Студенттік жастардың рухани-адамгершілік дамуының ерекшелігі келесіде:

- Білімнің ғылыми-профессионалды және рухани-адамгершілік интеграциясы.
- Қазіргі өмірдің аса маңызды жүйелі рухани сұрақтары бойынша ағарту.
- Жастарда адамгершілік, профессионалды және өмірлік көзқарастарын қалыптастыруға көмектесу.

Студент тұлғасының рухани-адамгершілік дамуы – педагогикалық, әлеуметтік және рухани процестерді қосатын күрделі және көпқырлы жүйе.

Студент тұлғасының рухани-адамгершілік қалыптасуына және дамуына әлеуметтік жағдайлар, биологиялық фактор әсер етеді, бірақ басты рольді педагогикалық, тұлғалық-бағытталған әрекеттер атқарады, өйткені олар жоғары деңгейде ойластырылады және басқарылады.

Терең философиялық мазмұн, керемет көркем бейне, қазақ авторларының шынайы туындылары жастардың рухани-адамгершілік жаңаруына құлшыныс береді. XIX ғасырдағы қазақтың ұлы философы, ағартушысы Абай, адамның болмысы жайлы «адам табиғаттан денесімен және жанымен» деген. Тек қана тән қажеттіліктерімен өмір сүретін адам, жануардан аз ерекшеленеді, тек қана өзін, жалпыны, жақсылықты тануға құмарлық адамды адам етеді. Қазақ ойшылдары үшін мәселе басты тақырып болатын және алдыңғы қатарға шығатын. Осы мәселе бойынша, Шәкәрім Құдайбергенов «ар-намыс ғылымын» енгізу керек деген және ғалымдар оны пән ретінде дамытып, жалпыға бірдей қылу керек деген.

Сонымен қатар рухани-адамгершілік тәрбие берудің мәселесінің маңыздылығы келесімен байланысты. Қазіргі әлемде адам көптеген әр түрлі оған позитивті және негативті әсер етулермен (бірінші кезекте жалпы коммуникация және ақпарат көздері) өмір сүреді және дамиды, олардың барлығы күн сайын орнықтаған ақылға әсер етеді.

Руханилық және адамгершілік тұлғаның басты, алғашқы сипаттамасы болып табылады. Руханилық тұлғаның қабылдаған түсінігінің сипаттамасының құндылығының талпынысымен анықталады. Адамгершілік адамдардың бір-біріне және қоғамға арақатынасының қағидасының қосындысы. Үйлесімділікте олар тұлғаның құрайды.

Біздің бақылауымыз бойынша студенттердің рухани-адамгершілік дамуына топқа енгізу құндылықтарды қалыптастыруға оң әсер етеді. Жоғары құндылықтар (адам, өмір, қоғам, табиғат, ақиқат, жақсылық, сұлулық, еңбек, тану, байланысу және басқалар) әсер етудің үлкен күшіне ие. Өмірдің құндылықтарын айту студенттермен олардың өздерінің өмірлерінің, құндылықтарының, сенімділіктің топтың өздеріне қайырымдылығының, топтың өмірінде басшылықты күту, сұлулықты, жақсылықты және ақиқатты, зұлымдылықты, өтірікті және тәртіпсіздікті болдырмау мен байланытырылады.

Студенттің рухани-адамгершілік денсаулығы, оның дамуының жан-жақтылығы, профессионалды дайындықтың кеңдігі мен икемділігі, шығармашылыққа ұмтылысы және қалыпсыз амалдарды орындай білуі елдің дамуының маңызды факторына айналады.

Осылай, студенттердің рухани-адамгершілік дамуы қазақстандық ЖОО басты мәселесі болды және болашақта бола бермек. Және бұл заңды, өйткені біздің қоғамда адамгершілік бастамалардың, моральді фактордың қызмет ету аумағы аумағы артып отыр. Бұл жайлы бүгінгі күнде ерекше айту қажет, біздің ұлттың рухани жаңдануы – бұл біздің елдің дамуының тағдыры шешілетін маңызды сұрақтардың бірі.

ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

1 Президент Н. Назарбаевтың жолдауы «Әлеуметтік-экономикалық модернизация – Қазақстанның дамуының басты векторы». 27.01.12.

2 Боер В.М., Горшков А.С., Платова Е.Э., Фортунатов В.В. Легко ли быть студентом? – СПб, 2002.

3 Фокин Ю.Г. Преподавание и воспитание в высшей школе: Методология, цели и содержание, творчество. – М.: «Академия», 2002.